

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ  
ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**

*I. Есенберлиннің 100-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-  
теориялық конференция*

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**9 сәуір, 2015 жыл**

**МАТЕРИАЛЫ**

*Международной научно-теоретической конференции,  
посвященной 100-летию И. Есенберлина,*

**«НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЗМА В  
СОВРЕМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА»**

**9 апреля 2015 года**

**MATERIALS**

**of International Scientific-Theoretical Conference,  
devoted to the 100 anniversary of I. Esenberlin,**

**«NATIONAL IDEA AND PROBLEMS OF THE HISTORICISM IN MODERN  
LITERATURE OF KAZAKHSTAN»**

**9 May, 2015**

**Алматы, 2015**

**УДК 821.0 ББК  
83.3 (5 Каз) Н35**

*Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии,  
литературоведения и мировых языков  
Казахского национального университета имени Аль-Фараби*

**Составители:**

А.Б. Темирболат, Е.М. Солтанаева

Национальная идея и проблемы историзма в современной литературе Казахстана: Материалы международной научно-теоретической конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 132 с.

ISBN 978-601-04-0004-7

В сборнике опубликованы доклады, представленные на международной научно-теоретической конференции «Национальная идея и проблемы историзма в современной литературе Казахстана», посвященной 100- летию известного казахского писателя И. Есенберлина. Авторы статей раскрывают суть национальной идеи, ее роль в формировании самосознания народа, развитии духовной культуры общества. Большое внимание уделяется осмыслению проблемы историзма в современной литературе.

Предназначено всех тех, кто интересуется проблемами современной культуры и литературы.

ISBN 978-601-04-0004-7

© КазНУ имени аль-Фараби, 2015

## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

|  |    |
|--|----|
| Мұтанов Ғ.М. Алғы сөз.....   | 5  |
| Әбдиманұлы Ө. Тарихи шығармадағы ұлттық идеяның көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты..... | 6  |
| Kalizhanov U. Historical Memory and Independence.....                                  | 9  |
| Омарбеков Т. І. Есенберлин және тарихшылар.....  | 13 |
| Жақып Б. Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы тарихи тұлғалар бейнелері.....  | 16 |
| Ақыш Н. Ілияс Есенберлиннің тарихи романдарындағы уақыт шындығы.....                   | 19 |

#### 1 СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕНУІ

|  |    |
|--|----|
| Ыбырайым Б. Ұлттық рух және әдебиет.....   | 24 |
| Солтанаева Е.М. О.Бөкейдің «Атау-Кере» повесіндегі ұлтты өзіне-өзін таныту идеясы..... | 26 |
| Оспанова Г.Т. М. Мағауин прозасындағы ұлттық идея.....                                 | 28 |

#### 2 СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

|   |    |
|---|----|
| Ысқақұлы Д. «Шолпанның күнәсіндегі» өмір философиясы.....                             | 30 |
| Мәдібаева Қ.Қ. Қазіргі қазақ драматургиясындағы тарихи бейнелер тағылымы.....         | 35 |
| Хамраев А. Исторический дискурс уйгурской прозы.....                                  | 37 |
| Базылова Б.К. Проблема художественного воссоздания исторической действительности..... | 41 |
| Бұлдыбай А.С. Жыраулар ту тіккен текті орда.....                                      | 44 |

#### 3 СЕКЦИЯ. І.ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫ КӨРІНІС ТАБУЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК МӘНІ

|  |    |
|--|----|
| Тұрысбек Р. Ақындық өнер һәм І. Есенберлин поэзиясы.....   | 49 |
| Кәрібаев Б. «Көшпенділер» романының тарихи негіздері.....  | 58 |
| Тарақов Ә. І. Есенберлиннің «Жанталас» романының жазылу ерекшелігі.....                              | 63 |
| Бисенғали З.-Ғ.Қ. «Алашта кенекемдей ер болмайды...».....  | 67 |
| Ержанова С. І. Есенберлиннің елдік мұраты.....   | 71 |
| Жанұзақова Қ.Т. М. Әуезовтің алғашқы прозасы.....  | 73 |
| Айсұлтанова Қ.Ә. Ілияс Есенберлин шығармалары және оның тарихпен байланысы.....                      | 76 |
| Абдуова Б. І. Есенберлиннің тарихи романдарындағы тілдің көркемдік шарттары....                      | 79 |
| Дәлелбекқызы А. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы – қазақ халқының тұңғыш тарихи романы..... | 84 |
| Айназарова А. Ілияс Есенберлиннің шығармаларындағы хандар бейнесі.....                               | 86 |
| Сейділда А.М. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы қазақ хандығы тарихының суреттелуі.....      | 88 |

әлеуеті зор еліміз үшін бұл бөлендей қиын шаруа емес. Оның есесіне қаншама қажетті шығармалардың дүниеге келуіне жол ашылар еді... Ұлттық рухты тәрбиелейтін, шыңдайтын қуаттар саналуан. Адам ойы арқылы жасалатын игіліктерді айтпағанның өзінде табиғат құбылыстарының қойны-қонышында қаншама «қазына» бар. Мәселен, алты ай бойы ақ пейілмен айналып келе беретін Арқаның аязы, Байбураның бұрқ-сарқ қайнаған бораны, Арыстанды қарабастың, Ебінің желі, Алтын күрек, жер жәннаты Жетісудың қиялмен ғана қаусырып ұғынуға болар, қайталанбас ғажайып ұлы сұлулығы, Көкшенің ақ балтырлы қайыңдары, көк көйлегі көлбеңдеп, көз тартқан ару қарағайлары, Баянауылдың балбыраған бал бұлақтары, ақ төсін ауа ғана аймалаған айдын көлдері, Алтайдың ну жыныс орманы, Маңғыстаудың маңқиып жатқан маңғаз шағыл құмдары, Ақ Жайықтың көк шалғынды жағасы, айта берсе, таусылмайтындай көрінетін қазына. Мұның бәрі бір қарағанда, ұлттық ділге де, идеяға да қатысы жоқ, бейтарап әлем көрінісі секілді. Ал, түптеп келгенде, табиғаттың адам рухының еркіндігіне қосатын өлшеусіз зор үлесін, айтпағанда, халық рухын ықылым заманнан бері бойына сыйғызып жинаған, тарихи-географиялық, тарихи-саяси, тарихи-философиялық куәгер құндылық қайталанбас тарихи-объективті мүмкіндік екені айқын. Ұлттық рух мұндай «объективті» факторларды «саналы» түрде де, ықтиярынан тыс аспектіде де сезініп, өз ерекшелігін, өз «тәжірибесін» сол сезіну барысында қалыптастырып нығайта беруге мүдделі. Соның барлығы шығармашылық өміршеңдік ұлттық рухымыздың жаңғыруына, жасарып, қайта түлеуіне қызмет етеді.

Бұдан шығатын қорытынды: көркем әдебиеттің өмір сүруі - ұлттық рухтың солмауына, нығаюына себепші. Қазіргі жағдайда қаламгерлеріміздің халы көңіл көншітпейді. Бұл туралы баспасөз беттерінде олардың өз аузынан да, басқалардың тарапынан да айтылып келеді. Қазіргідей жан-жақтан жат ықпалдар анталап, шабуыл жасап жатқан кезде ұлттық рухымыз бой бермей, өз асылын жоғалтпай, келешек нұрлы күнге өр кеудесін тік ұстап, асқақ адымдауы үшін көркем әдебиетке қамқорлық жасау айрықша қажет. Бұл ретте Батыстың үлгісін қабылдау экономикасы әлі де болса жаһандық бәсекеге қуаты жете бермейтін, негізінен шикізатқа тәуелді, ғылым мен техникасы қарыштап дамымаған біздің ел үшін қауіпті. Алпауыттар үшін ұлттық рух емес, ең басты нысана – байлық. Соның салдарынан әлемде рухани дағдарыстар бірінің артынан бірі туындап, мемлекеттік деңгейдегі аса ірі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге айналып, талай-талай халықаралық конференциялардың арқауы болып жатқанын көзімізбен көріп, куәгерге айналдық.

Ал, ұлттық рух, идеяның пайда болуы мен нығаю жолына көз жіберсек, ұлттық мәдениеттің, әсіресе әдебиет пен музыканың тарихына еріксіз зер саламыз. Бұл орайда кешегі қиын-қыстау күндерде, тар заман, зар замандарда халық көкірегінен өшпей, атадан балаға мирас болып келе жатқан, әлі күнге ұлттық рухымыздың зор серпіні ретінде маңызы ересен авторлық ауыз әдебиетінің қадірі айрықша.

***Е.М. Солтанаева,***

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға*

*оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты*

## **О. БӨКЕЙДІҢ «АТАУ-КЕРЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫ ӨЗІНЕ-ӨЗІН ТАНЫТУ ИДЕЯСЫ**

Әдебиетті – ұлт тану өнері деп атау тегін емес. Оралхан Бөкей шығармаларын оқи отырып, әр қазақ оқырманы өзін, айналасын, өмірін көреді.

Ұлтты өзіне-өзін танытатын О.Бөкей шығармаларын бірі «Атау-кере» (Қауіпті будан) повесі. Шығарма атауының өзінде үлкен философиялық мән бар. Атау-кере – бұл адамның о дүниеге аттанардағы бұл дүниеден татар соңғы дәмі. Жазушы, бір қарағанда, адамзатты ақылынан адастырып, намысын аяққа таптататын, ерді ез ететін арақ -шарапты – атау-кереге теңесе, байыбына жете қарағанда, бүкіл бір ұлттың атау-кересіне айналуы мүмкін деген қатерді көрсетіп, ескертеді. Ол қатер

– қауіпті будан. Автордың «қауіпті будан» деп атап отырғаны, африкалық ара мен америкалық араны будандастыру нәтижесінде шыққан тынымсыз, еңбекқор, гибрид аралаға ғана қатысты айтылмаған. Қауіпті будан деген тіркес астарында ешбір ұлттың қастер тұтқан құндылығын мойындамайтын, бойында ұлттық сезімі жоқ, табиғи түйсігінен ажыраған, тоңмойын, дүбәрә екі түрлі ұлттың қосындысы «будан» ұрпақты айтып отыр. Қауіптен сақтандыру үшін, ұлттың ішкі түйсігін ояту үшін жазушы осы жайларды ескертіп отыр.

Повесте арнайы көтерілген мәселелер көп. Соның бірі, күні бүгін де өзекті мына жайт болса керек. «...Анау таудың арғы бетіндегі Захар бағымындағы аралардан гөрі Еріктің аралары екі-үш жылдан бері жалқау тартқан секілді, бұрынғыдай кең өріс іздеп, алысқа самғамай, көбіне үй маңайын,